

"Гидрогеология" мемлекеттік акционерлік компаниясы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 17 қыркүйек N 898. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.08.21 . N 1042 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Шаруашылық басқару органдарының жүйесін жетілдіру туралы" 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1291 Жарлығын орындау үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жер қойнауын геологиялық зерделеу, пайдалану және қорғау мәселелерінде мемлекеттік және шаруашылық басқару функцияларын ажырату мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мұлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің Қазақстан Республикасының аумағында гидрогеологиялық жұмыстар орынданап жатқан Қазақстан Республикасы Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінің гидрогеологиялық экспедициялары мен "Алматыгидрогеология" акционерлік қоғамы негізінде құрамында қосымшаға сәйкес кәсіпорындар мен ұйымдар бар "Гидрогеология" мемлекеттік акционерлік компаниясын (бұдан әрі - Компания) құру туралы ұсынысы құпталсын.

2. Компания басқармасының орналасатын жері Алматы облысындағы Қарғалы поселкесі болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Компанияға занда белгіленген тәртіп бойынша өз құрамына кіретін кәсіпорындар мен ұйымдардың мемлекеттік мүлкін, сондай-ақ Компания құрамына кірген құрылған акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін иелену, пайдалану және басқару құқығын табыстасын.

Мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың акционерленуіне қарай, Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1996 жылдарға арналған (II кезең) Ұлттық бағдарламасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұлік жөніндегі мемлекеттік комитеті өткеретін акциялар пакеттерінен басқа, акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттері Компаниялардың иеленуіне, пайдалануына және басқаруына берілсін.

4. Компания қызметінің негізгі мақсаты бәсекелестік және экстерриториалық негізде, мемлекеттік бюджет қаржысы есебінен, сондай-ақ бюджеттен тыс қаражаттың да есебінен гидрогеологиялық жұмыстар жүргізу болып белгіленсін

және оған:

- өз құрамына кіретін кәсіпорындардың қызметін олардың қызметіне неғұрлым тиімді жағдай туғызу үшін үйлестіріп отыру;
 - гидрогеологиялық жұмыс жүргізуге тапсырыстар іздестіру;
 - оның құрамына кіретін кәсіпорындарға олардың қызметі үшін қажетті өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымдар құруға жәрдемдесу;
 - оның құрамына кіретін бөлімшелерге жер асты су көздерін игеруді үйимдастыруға жәрдемдесу;
 - гидрогеологиялық жұмыс процесіне ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін енгізу;
 - Компанияға кірген кәсіпорындардың басшыларын тағайындау және бекіту;
 - еншілес қоғамдар мен кәсіпорындардың Байқаушы кеңестерін қалыптастыру, оларға өздерінің өкілдерін тағайындау;
 - Компанияда жұмылдыру дайындығы мен азаматтық қорғаныс жөніндегі функциялар мен міндеттерге заңды мұрагерлікті қамтамасыз ету жүктелсін.
5. Компания бұрын құрылған акционерлік қоғамның Байқаушы кеңесінің құрамына өзінің өкілдерін тағайындастырын және оның басшылығы бұрынғы қалпында қалдырылсын.
6. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі:
- Компания қызметін қамтамасыз ету жөнінде үйимдастыру шараларын қолдансын;
 - Компанияға кіретін кәсіпорындар және мемлекеттік режимдік, гидрогеологиялық байқауды жүзеге асыратын үйимдар арасында негізгі жабдықтар бөлісін жүргізсін;
 - бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеттіне келісу үшін Байқаушы кеңестің дербес құрамы мен Компания президентінің қызметіне кандидатура жөнінде ұсыныс енгізсін.
7. "Гидрогеология" мемлекеттік акционерлік компаниясының

Байқаушы кеңесі бір ай мерзімде Компания басқармасының құрылымы мен аппаратының санын анықтасын.

8. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетті және оның аумақтық комитеті Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігімен және Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігімен бірлесіп, "Гидрогеология" мемлекеттік акционерлік Компаниясына қолдағы ресурстардың есебінен қажетті қызмет үй-жайын, техникалық жабдықтар,

телефон және телекс байланысы арналарын бөліп берсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 17 қыркүйектегі

N 898 қаулысына

Қосымша

"Гидрогеология" мемлекеттік акционерлік компаниясына

кіретін ұйымдар мен кәсіпорындардың

Тізбесі

"Алматыгидрогеология" акционерлік қоғамы, Алматы облысының Қарғалы поселкесі

Ақтөбе гидрогеологиялық экспедицияны, Ақтөбе облысының Қарғалы селосы

Атырау гидрогеологиялық экспедициясы, Атырау облысының Тендік поселкесі

Жамбыл гидрогеологиялық экспедициясы, Жамбыл облысының Сарыкемер поселкесі, оның ішінде оның құрамында:

"Куан" шағын кәсіпорны, Жамбыл облысының Сарыкемер поселкесі

"Гидрогеосервис" шағын кәсіпорны, Жамбыл облысының Сарыкемер поселкесі

Затобол гидрогеологиялық экспедициясы, Қостанай облысының Затобол поселкесі

Қызылорда гидрогеологиялық экспедициясы, Қызылорда облысының Геологтар поселкесі

Павлодар гидрогеологиялық экспедициясы, Павлодар облысының Жетекші поселкесі

Семей гидрогеологиялық экспедициясы, Семей облысының Новопокровка селосы

Синегор гидрогеологиялық экспедициясы, Қөкшетау облысының Чайкин поселкесі

Талдықорған гидрогеологиялық экспедициясы, Талдықорған облысының Крупская селосы

Орал гидрогеологиялық экспедициясы, Батыс Қазақстан облысының Подстепное селосы

Шымкент гидрогеологиялық экспедициясы, Оңтүстік Қазақстан облысының Белые Воды селосы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК